Исх. № 12-18/7516 от 17.12.2025, Вход № Д-3117 ,01 от 18.12.2025

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

010000, Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8-ғимарат, тел.: +7 (7172) 74-37-53, 74-38-01
e-mail: info@economy.gov.kz

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «МИНИСТЕРСТВО НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

010000, город Астана, район «Есиль», проспект Мәңгілік Ел, здание 8, тел.: +7 (7172) 74-37-53, 74-38-01
e-mail: info@economy.gov.kz

_____ №_____

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Ұлттық экономика министрі
С.М. Жұманғаринге

20.11.2025 жылғы №12-18/7516 тапсырмаға

Құрметті Серік Мақашұлы!

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі *(Министрлік)* жергілікті атқарушы органдар өкілдерінің «Қазақстандық мемлекеттік-жеке меншік әріптестік орталығы» АҚ өткізетін семинарларға қатысуына және 2026 жылға арналған жергілікті бюджеттерді қалыптастыру кезінде қызметкерлерді оқытуға тиісті қаражат көздеуіне қатысты жоғарыда көрсетілген тапсырманы орындау үшін мынаны хабарлайды.

Бүгінгі таңда **7 әкімдік** қана *(Ақтөбе, Ақмола, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Түркістан, Солтүстік Қазақстан облыстары)* 2026 жылы оқыту жөніндегі іс-шараларға қатысу үшін **кандидатураларды растады**.

Сонымен қатар Қызылорда, Түркістан, Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімдіктері тапсырманы формалды түрде орындап, жалпы Қазақстан бойынша іске асырылып жатқан МЖӘ жобаларының жалпы санының **25%-дан астам** үлесін осы өңірлерде іске асырылып жатқан жергілікті жобалардың құрайтынына қарамастан, қатысуға10-нан аз қызметкер жібергенін атап өтеміз.

Анықтама үшін: *Қызылорда облысы – 66 жоба, Түркістан облысы – 191 жоба, СҚО – 39 жоба (01.11.2025 ж. жағдай бойыншы).*

9 әкімдік *(Атырау, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Жетісу облыстары, Астана, Алматы және Шымкент қалалары)* **тапсырманы толық көлемде орындамады:** хаттарында қатысушылар санын көрсетпей немесе 2026 – 2028 жылдарға арналған бюджетті қалыптастыру кезінде семинарларға қатысуды қамтамасыз етуге дайын екендерін мәлімдеді.

Сондай-ақ, **Қарағанды облысының әкімдігі қажет болған жағдайда** семинарларға қатысу мүмкіндігін қарастыратыны жөнінде хат жолдады, бұл өңірдің жоғары инвестициялық әлеуетін ескере отырып, қызығушылық

Рег.№ Д-3117 ,01 Рег.дата 18.12.2025 Копия электронного документа. Дата: 18.12.2025 16:31. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

танытпай отырғанын және тапсырманы пысықтау деңгейінің төмен екенін көрсетеді *(Қарағанды облысы – 46 жоба. (01.11.2025 ж. жағдай бойынша)*.

Абай облысының әкімдігі оқыту бойынша ақпараттың назарға алынғаны туралы хат ұсынды, бірақ тапсырманы орындау бойынша қажетті ақпарат берген жоқ.

Сонымен қатар, **2 әкімдік** *(Алматы, Ұлытау облыстары)* **ақпарат берген жоқ**.

Бұл ретте, оқытуға қатысушылардың саны туралы расталған ақпараттың болмауы ұйымдастырушылық шешімдер қабылдауды, оның ішінде қажетті техникалық жарақтандыруды айқындауды және оқытуды дайындаудың оңтайлы жағдайлары мен тиісті деңгейін қамтамасыз ету үшін қолайлы үй-жайды таңдауды қиындатады.

Ағымдағы жылы өңірлер әкімдіктерінің МЖӘ жобаларын, оның ішінде МЖӘ тетіктері бойынша инвесторларды тарту бөлігінде пысықтауға нашар қатысқанын ескере отырып, МЖӘ саласындағы жергілікті мамандардың біліктілікті арттыру белсенділіктерінің төмен болуы өңірде инвестициялық тартымдылықтың төмендеу тәуекеліне және әлеуметтік маңызы бар жобаларды табысты іске асыра алмауына әкеп соғады.

Баяндалғанның негізінде, жергілікті атқарушы органдарға *(Алматы, Атырау, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Жетісу, Ұлытау, Абай облыстары және Астана, Алматы, Шымкент қалалары)* 3 жұмыс күні ішінде
2026 жылы оқитын қатысушылар санын ұсынуына және
2026 – 2028 жылдарға арналған жергілікті бюджеттерді қалыптастыру кезінде қызметкерлерді оқытуға тиісті қаражат қарастыруына тапсырма беруіңізді сұраймыз.

Тапсырманы орындау тәртібінді және шешім қабылдау үшін енгізіледі.

Аппарат басшысы **О. Сыздықов**

Орынд.: Шайкина А.
Тел.: 74-33-28

Рег.№ Д-3117 ,01 Рег.дата 18.12.2025 Копия электронного документа. Дата: 18.12.2025 16:31. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

a.shaikina@economy.gov.kz

Подпись канцелярии
17.12.2025 20:23 СЕРИКБАЕВА НУРСУЛУ

Подпись руководителя
17.12.2025 11:57 ЖУМАНГАРИН СЕРИК

Рег.№ Д-3117 ,01 Рег.дата 18.12.2025 Копия электронного документа. Дата: 18.12.2025 16:31. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

Тип документа	Входящий документ
Номер и дата документа	№ Д-3117 ,01 от 18.12.2025 г.
Организация/ отправитель	АППАРАТ ПРАВИТЕЛЬСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Получатель (-и)	АППАРАТ АКИМА АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ
Электронные цифровые подписи документа	Государственное учреждение "Аппарат Правительства Республики Казахстан" Подпись руководителя: ЖУМАНГАРИН СЕРИК MIIRyQYJ...Gfsi3FwcC Время подписи: 17.12.2025 11:57
	Государственное учреждение "Аппарат Правительства Республики Казахстан" Подпись канцелярии: СЕРИКБАЕВА НУРСУЛУ MIISIgYJ...XEeyDnYo= Время подписи: 17.12.2025 20:23
	ЭЦП канцелярии: Хайруллина Гульжамал Хайруллаевна без ЭЦП Время подписи: 18.12.2025 15:43

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.

Рег.№ Д-3117 ,01 Рег.дата 18.12.2025 Копия электронного документа. Дата: 18.12.2025 16:31. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП